

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	----------------------------	--

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды
техникалық университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
_____ С.С. Сагинтаева
«__» _____ 2025 ж.
(Басқарманың шешімі
негізінде №2 хаттама
2025 жылғы «17» ақпан)

ҚАҒИДА

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ТУРАЛЫ

ІҚЕ ІІ-13-2025

Қарағанды

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ П-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	-----------------------------------	---

Мазмұны

1	Қолдану саласы	3
2	Жауапкершілік және өкілеттік	3
3	Жалпы қағидалар	3
4	Сипаттама	4
5	Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу	6
6	Нормативтік құжаттаманың қолжетімділігін қамтамасыз ету	6
7	Сақтау	6
8	Талдау және өзектендіру	6
9	Құжатқа өзгеріс енгізу	6
	А қосымшасы Ғылыми кеңестің мәжіліс жоспарының нысаны	7
	Б қосымшасы Келісім парағы	8
	В қосымшасы Танысу парағы	9

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ П-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	----------------------------	---

1 Қолдану саласы

Ғылыми Кеңес туралы осы Қағида Ғылыми кеңестің негізгі міндеттерін, функцияларын, құрамын, құрылымын, өкілеттіктерін, ұйымдастырылуын және жұмыс тәртібін белгілейді. Ғылыми Кеңес туралы ереже «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – қоғам) сапа менеджменті жүйесі құжатының жиынтығына кіреді.

2 Жауапкершілік және өкілеттік

Ғылыми кеңес туралы қағиданы әзірлеуге, оны келісуге, бекітуге, тіркеуге, қолданысқа енгізуге жауапкершілік пен өкілеттіктер былайша бөлінеді:

2.1. Ғылыми кеңес туралы қағиданы әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, ресімделуіне және енгізілуіне ғылыми хатшы жауапты болады.

2.2. Ғылыми кеңес туралы қағида профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлер кәсіподақ комитетінің басшысымен, ЗК - пен келісіледі.

2.3. Ғылыми хатшы Ғылыми кеңес туралы қағиданың жобасының түпнұсқасын дайындайды, келісім қолдарын жинайды.

2.4. «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқармасы шешімімен Ғылыми кеңес туралы қағида бекітіледі.

2.5. Ғылыми хатшы Ғылыми кеңес туралы бекітілген қағиданы әкімшілік мәселелер жөніндегі департаментке тіркеуге береді.

3 Жалпы қағидалар

3.1. Ғылыми кеңес «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жалпы басшылықты іске асыратын алқалық басқару органы болып табылады;

3.2. Өз қызметінде Ғылыми кеңес Қазақстан Республикасының заңнамаларын, ҚР Білім және ғылым министрі м.а. 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесі қызметінің және оны сайлау тәртібінің Үлгілік қағидаларын, Қоғамның Жарғысын, «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» КеАҚ Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады;

3.3. Ғылыми кеңестің қызметі құзырына жататын мәселелерді ұжымдық талқылаудың жариялылығына негізделеді.

4 Сипаттама

4.1. Ғылыми кеңесті сайлаудың құрамы, құрылымы және тәртібі

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	----------------------------	--

4.1.1. Ғылыми кеңестің құрамына Басқарма Төрағасы – Ректор, Басқарма мүшелері – проректорлар, Департамент директорлары, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық-оқытушылар құрамының, ЖОО студенттік және қоғамдық ұйымдарының өкілдері кіреді;

4.1.2. Ғылыми кеңес мүшелері ЖОО жалпы отырысында ашық дауыс беру жолымен сайланады;

4.1.3. Ғылыми кеңестің құрамы 3 жыл мерзімге сайланады және мүшелердің тақ сандарынан тұрады; қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің жалпы жиналысының шешімімен оның құрамына жекелеген өзгерістер енгізілуі мүмкін;

4.1.4. Ғылыми кеңестің дербес құрамы Басқарма Төрағасы – Қоғам ректорының бұйрығымен бекітіледі;

4.1.5. Ғылыми кеңестің төрағасы Басқарма төрағасы – Қоғамның ректоры болып табылады. Төраға өзі орнында болмаған жағдайда оның міндетін атқаратын төрағаның орынбасарын тағайындайды;

4.1.6. Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау, тәжірибені жинақтау және оның мүшелері қатарынан Кеңес жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Қоғамның атқарушы органы басшысының бұйрығымен ғылыми хатшы тағайындалады. Ғылыми хатшының өкілеттік мерзімі 3 жыл;

4.1.7. Ғылыми кеңес ЖОО қызметінің түрлі бағыттары бойынша комиссиялар құруға құқылы;

4.1.8. Ғылыми кеңес, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Ғылыми кеңестің отырыстары бейне конференц-байланыс режимінде өткізілуі мүмкін. Кеңес мүшелерінің отырысқа келуі олардың келу парағында жеке қолымен немесе отырысқа қатысып отырған Ғылыми кеңес мүшелерінің қоса беріліп отырған тізімімен расталады;

4.1.9. Ғылыми кеңестің шешімдері қатысып отырған мүшелердің ашық дауыс беруімен қабылданады. Кейбір мәселелер бойынша ғылыми кеңес жасырын дауыс беру арқылы шешім қабылдай алады. Жасырын дауыс беруді өткізу үшін кемінде 3 адамнан тұратын есеп комиссиясы құрылады;

4.1.10. Ғылыми кеңестің шешімі, егер оған қатысып отырған кеңес мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі; кеңестің шешімі оларды ЖОО ректоры бекіткеннен кейін күшіне енеді;

4.1.11. Ғылыми кеңестің отырыстары хаттамалармен ресімделеді, оларға кеңестің төрағасы мен ғылыми хатшысы қол қояды;

4.1.12. Ғылыми кеңестің отырыстары бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес оқу жылы ішінде айына кемінде бір рет өткізіледі.

Қажет болған жағдайда Ғылыми кеңестің отырыстары жоспардан тыс өткізіледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	----------------------------	--

4.2. Ғылыми кеңестің негізгі міндеттері:

4.2.1. Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

4.2.2. Кәсіптік оқу бағдарламаларын табысты іске асыру мақсатында университеттің білім алушылары мен профессорлық-оқытушылар құрамы үшін қажетті жағдайлар жасау;

4.2.3. Университеттің қызмет бағыттары бойынша одан әрі дамуына жәрдемдесу.

4.3. Ғылыми кеңес өз құзыреті шеңберінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

4.3.1. Университеттің ғылыми, оқу, әдістемелік, тәрбие, халықаралық және өзге де қызметі бойынша мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау;

4.3.2. Оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамытудың перспективалық жоспарын қарау;

4.3.3. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және халықаралық қызметтің негізгі бағыттары бойынша ЖОО-ның перспективалық даму жоспарлары мен бағдарламаларын қарау және бекіту;

4.3.5. Профессорлық-оқытушылар құрамына және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарау;

4.3.6. Ішкі тәртіп ережелерін қарау және бекіту;

4.3.7. ЖОО-ның оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, халықаралық, шаруашылық және өзге де қызметін ұйымдастырудың барлық негізгі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

4.3.9. Қазақстан Республикасының Жарғысымен және/немесе заңнамасымен қоғамның өзге органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған қоғамның академиялық, ғылыми, әлеуметтік және тәрбиелік қызметі бойынша басым (стратегиялық) бағыттарды іске асыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау;

4.3.10. Университеттің әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру және шешім қабылдау;

4.3.11. Өткен оқу жылындағы университет қызметінің қорытындысын шығару;

4.3.12. Қоғамның оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысы туралы есептерін мерзімінде қарау;

4.3.13. Қоғамның құрамына кіретін өзге де құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарау;

4.3.14. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын алдын ала қарау;

4.3.15. Оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер басылымдарының тақырыптық жоспарларын бекіту;

4.3.16. Магистранттар мен докторанттардың диссертациялық зерттеулер

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	-----------------------------------	--

бойынша тақырыптары мен ғылыми жетекші-консультанттарын бекіту;

4.3.17. Университеттің профессорлық-оқытушылар және ғылыми құрамына ғылыми атақтар беру мәселелерін қарау;

4.3.18. Құрметті атақтар, мемлекеттік және ведомстволық наградалар, атаулы стипендиялар, конкурстарға қатысуға ұсынымдар беруге ұсынымдарды қарау; қоғамның Академиялық, құрметті атақтары мен наградаларын, қоғамның атаулы стипендияларын беру;

4.3.19. Білім алушыларды ақылы оқудан білім беру гранттарына ауыстыру туралы шешім қабылдау;

4.3.20. Студенттер мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін шешу;

4.3.21. Студенттер контингентін қалыптастыру қорытындыларын талқылау;

4.3.22. Директорлар кеңесі бекітетін қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының сыныптауышына сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды қарау және бекіту;

4.3.23. ЖОО қызметіне байланысты және алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелерді қарау.

5 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу

Ғылыми Кеңес туралы осы Қағиданы келісу ЗК басшысымен, ПОҚ кәсіподақ комитетінің төрағасымен және қызметкерлермен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (А қосымшасы) рәсімделеді.

6 Қолжетімділікті қамтамасыз ету

Ғылыми Кеңес туралы Қағиданың қолжетімділігін қамтамасыз ету Х-01 ПД сәйкес жүргізіледі.

7 Сақтау

Ғылыми кеңес туралы қағиданы сақтау Х-01 ПД сәйкес жүргізіледі

8 Талдау және өзектендіру

Ғылыми Кеңес туралы ережені талдау және өзектендіру Х-01 ПД сәйкес жүргізіледі.

9 Құжаттарға өзгерістер енгізу

Ғылыми кеңес туралы қағидаға өзгерістер енгізу қажет болғанда жүргізіледі

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	-----------------------------------	--

және міндетті түрде құжатпен рәсімделеді.

Ғылыми ккеңес туралы қағидаға өзгерістер енгізу Х-01 ПД талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқаға өзгерістер енгізуге ғылыми хатшы жауапты болады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
--	--	--

А қосымшасы
(міндетті)

IKΕ.Φ-II-13-01

Ғылыми кеңес мәжілістері жоспарының нысаны

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ
20__/20__ оқу жылына

[illegible]

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ ІІ-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
--	--	--

Б қосымшасы
(міндетті)

Φ.01-2022

Келісім парағы

[illegible]

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ғылыми кеңес туралы қағида	ІҚЕ П-13-2025 01 нұсқа Күні 02.05.2025. 10 беттің 1-беті
---	-----------------------------------	---

Б Қосымшасы

(міндетті)

Φ.02-2022

Танысу парағы

[illegible]